

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 26.06.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского гуманитарного
института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 26.06.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 26.06.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS		
АЙДАРБЕК Қ.Ж. ИМАНБЕРДИЕВА А.Б. АККУЗОВА А.А.	Қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктері	7
АЛТАЙ А.А. АБЫЗОВА А.М.	Лингвистикалық интеллект: ғылыми категория ретінде	23
BAZARBEKOVA D.M. KURMANOVA Z.K. AKHMETOVA B.Z.	Frame modeling of the «Ulytau» concept	32
БАЛТАБАЙ Д.Ә.	«Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін кейбір топонимдер мен этнонимдердің этимологиясы	44
YESSENBAYEVA A.E. ҮБЫРАЙҰМ А.О.	Linguistic mechanisms of implicit evaluation in Kazakh and English media discourse	56
ЕСКЕРМЕСОВА Г.А. ЕРМЕКОВА Т.Н. ШОЙБЕКОВА Ғ.Б.	Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект арқылы аударылуы: машиналық аудармалар және оның сапасын бағалау	66
ЖАРКЫНБЕКОВА Ш.К. ШАХПУТОВА З.Х.	Репрезентация семейных ценностей в автохтонном художественном дискурсе	78
KORBOSSYNOV B. K. BORANBAYEV S. R. SERKEBAYEVA G.Y.	Tudy of the law of singormanism in Turkic languages	88
КУЛЫНТАЕВА Т.Б. ДЖАМБАЕВА Ж.А. НУРГАЗИНА А.Б.	Қазақ тіліндегі «уақыт» концептісі: семантикалық өріс және тілдік репрезентация	102
ҚАМБАРОВА Б.Ғ. БЕЙСЕНБЕКОВА Г.Т. ШАДИЕВА Н.Х.	Жас когорталарының (X, Y, Z, Alpha) әлеуметтік желідегі коммуникативтік ерекшеліктері	114
ҚАПАЛБЕК Б.С. АЛПЫСБАЙ Ә.Р. ТҮРКБЕНБАЕВА М.Ж.	Жыйырманшы деп жазу қай норма?	126
ҚҰСАЙЫНОВА Ж.А. НАСЫРИТДИНОВА Ә.Н.	«Сенімсіздік» модальді реңкінің мәтіндегі көріністері	136
САГИДОЛДА Г.	*Қазіргі түркі тілдеріндегі бас киім атауларының атауыштық-уәждемелік және лингвомәдени сипаты	148
САДЫҒҰЛ Т.Қ. ЕРҒАЛИЕВА С.Ж. УАЙХАНОВА М.А.	Особенности интернет-дискурса в цифровом пространстве Казахстана	159
SULTANOVA S.M. MUKHTAROVA S.S. TOXANBAYEVA T.ZH.	Ethnocultural specificity of suffixal word formation in Russian, Kazakh, and English: on the question of the linguistic worldview	171
ХАИРЛАЕВА Г.Ж. АСАНБАЕВА С.А.	Қазіргі мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі қоғамдық-саяси аударма: әлеуметтік-лингвистикалық аспекті (қазақ-орыс тілдері материалдары негізінде)	183

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES		
АЙМУХАНБЕТОВА М.Е. КАРТАЕВА А.М. БИЯРОВ Б.Н.	*Киелі Алтайдың табиғаты мен топонимикалық аңыздарының көркем шығармадағы көрінісі	193
АМИРОВА Л.Т., ТАНЖАРИКОВА А.В.	Мистикалық әңгімелердегі акустикалық детальдың қызметі	203
ГАЗИЗОВ Г.Д. КЕМЕҢГЕР Қ.Р.	*Кеңес дәуірі әдебиетінде Алаш арыстарының көркем бейнесі (С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармалары бойынша)	212
ЛАПШИНА Н.В. РАДЧУК О.А.	Особенности перевода стилистических средств в художественном произведении (на материале повести Джека Лондона «Белый клык»)	220
МУСАБЕКОВ К.А. КОШИКБАЕВА Г.Д. АЛТЫНБЕКОВ Ш.Е.	Абсурд – художественный метод в пьесе Дулата Исабекова «Ескерткіш операциясы»	230
СӨМЕНҚЫЗЫ Ұ. ҚҰЛБАРАҚ С.О. САМБЕТОВА Г.	М.Х. Дулати мұралары академик Ә.Дербісәлі зерттеуінде	240
СОЛТАНАЕВА Е.М. ӘБДИМАНҰЛЫ Ө. ШОРТАНБАЙ Ш.	М. Жұмабайұлының шығармашылығы деколониялық дискурста	250
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б. САМАТОВА Ш.Ө.	Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм: поп-арт пен тұрмыстық заттар эстетикасы	260
JURKOWICZ PH. SAILAUKYZY A. TUSSUPOVA G.B.	Alash heritage in national brand formation: a literary, journalistic and intellectual perspective	271
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ / МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ / METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE		
ҚАЛЫБАЕВА Қ.С. ЗАЙСАНБАЕВ Т.К.	А. Байтұрсынұлының сауат ашу құралдары және әдістемесі	280
МҰХАМАДИ Қ.Т.	Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілері	291

Д.Ә. БАЛТАБАЙ Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы,
Қазақстан(e-mail: baltabayev.dosjan@mail.ru)***«ШЕЖІРЕ-И ТЕРАКИМЕ» ЕҢБЕГІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН КЕЙБІР
ТОПОНИМДЕР МЕН ЭТНОНИМДЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ**

Аңдатпа. Түркі жазба мұраларын, тарихи қолжазбалар мен жыр-дастандарды лингвистикалық тұрғыдан талдау – тілдің тарихи дамуын, қалыптасу жолдарын айқындауда айрықша маңызды. Зерттеу мақаланың зерттеу нысаны ретінде XVII ғасырда жазылған Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракиме» еңбегі алынды. Аталған туынды – түркі халықтарының тарихынан, мәдениетінен, этнографиясынан құнды мәліметтер беретін орта ғасырлық жазба ескерткіш. Бұл еңбек – Оғызнама дастанының араб әліпбиімен жазылған нұсқасы. Шежіре мәтінінің лексикалық құрамы көне түркі сөздерімен қатар араб, парсы және моңғол сөздерін қамтыған. Мақала шежіреде кездесетін кейбір топонимдер мен этнонимдердің этимологиясын айқындаумен, олардың лексика-семантикалық ерекшеліктерін зерделеуімен ерекшеленеді. Зерттеу барысында ономастикалық атаулардың құрылымдық, тарихи және мәдени сипаты айқындалып, олардың халық дүниетанымымен, рухани-мәдени дәстүрлерімен сабақтастығы көрсетілді. Жұмыста сипаттамалы, салыстырмалы-тарихи, фонетикалық, морфологиялық әдістер қолданылып, тілдік деректер кешенді түрде талданды. Мақалада *Йайық (Жайық), Талас, Сайрам* секілді топонимдердің шығу тегі мен семантикалық ерекшеліктері зерделеніп, олардың түркі-моңғол тілдеріндегі түбірлерімен байланысы ашылады. Сонымен қатар *қарлық, татар, қытай, ұйғыр* этнонимдерінің этимологиясына қатысты түрлі ғылыми болжамдар салыстырылып, тарихи деректермен негізделеді. Әбілғазы еңбегінде кездесетін аңыздық сипаттағы мәліметтердің халықтық этимологияға ықпалы да талданады. Зерттеу нәтижесінде шежіре мәтініндегі топонимдер мен этнонимдердің түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін танудағы маңызы нақтыланып, олардың этимологиялық сипаты түркі тіл біліміндегі деректермен сабақтастықта сараланады.

Түйін сөздер: ономастика, топоним, этноним, этимология, түркі тілдері, «Шежіре-и теракиме».

Кіріспе. Тіл білімінде топонимдер мен этнонимдердің лексика-семантикалық қырын айқындау, олардың этимологиясын, этнографиялық сипатын зерделеу аса маңызды. Жалқы есімдерді лингвистикалық тұрғыдан талдауда оларды ұлт дүниетанымымен, руханиятымен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен, тарихымен сабақтастықта қарастыру қажет. Топонимдер құрамы, құрылысы, лексика-семантикалық сипаты жағынан алуан түрлі болып келеді. Құрамы жағынан жер-су атаулары көне, ортағасырлық не болмаса жаңа замандық болуы мүмкін. Этимологиялық зерттеулер бойынша жалпы тіл білімінде

* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР22687210 ««Шежіре-и теракиме» еңбегінің этимологиялық тезаурус сөздігі» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

қандай әдіс-тәсілдер қолданылса, жалқы есімдердің этимологиясын саралауда да сол әдістер басшылыққа алынады. Яғни лексикалық бірліктердің шығу тегін айқындаудағы әдістер ономастикалық атаулар тегін саралауда да пайдаланылады. Атап айтсақ, оның қатарына сипаттамалы, салғастырмалы, тарихи-салыстырмалы, фонетикалық, морфологиялық әдістер мен тәсілдер жатады.

Топонимдерді зерттеуде шетелдік (В.В.Радлов, С.Е.Малов, А.М.Щербак, Н.К.Дмитриев, М.Рясянен) және отандық (С.Аманжолов, А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақ т.б.) түркітанушы ғалымдардың зерттеу еңбектерінде тілдік деректер мол кездеседі. Ал жалпы жекелеген лексикалық бірліктердің этимологиясына қатысты материалдар В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, Л.З.Будагов, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков т.б. түркітанушы ғалымдар зерттеуінде кеңінен сөз болады. Түркі халықтары этнонимдерінің тарихына, этимологиясына қатысты Л.Н.Гумилев, В.Махпиров, Ә.Қайдар, Қ.Сартқожаұлы, Т.Қайыркен т.б. ғалымдар еңбектерінде, сонымен бірге «Древнетюркский словарь», М.Қашғаридің «Түркі тілдерінің сөздігі» секілді сөздіктерде ғылыми тұжырымдар берілген. Жалпы ономастикалық атаулардың этимологиясын анықтаудың өзіндік қиындықтары бар. Бұл тұста тілдік, тарихи, географиялық, этнографиялық аспектілер шеңберінде кешенді талдаулар қажеттілігі туындайды.

Әбілғазы Баһадүр ханның шежіресіне, ондағы топонимдер мен этнонимдердің тарихына, этимологиялық ерекшелігіне қатысты біршама деректер орыс ғалымы А.Н.Кононовтың «Родословная туркмен. Сочинение Абул-л-Гази-хана Хивинского» (1958) [1, 56], түрік ғалымы З.К.Өлмездің «Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terakime (Türkmenlerin Soykütüğü)» (1996) [2, 273] монографиялық еңбегінде қарастырылған.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Бұл зерттеудің әдістемелік негізін тіл біліміндегі ономастикалық зерттеу дәстүрі құрайды. Топонимдер мен этнонимдердің табиғаты күрделі, олардың семантикасы, шығу тегі және тарихи дамуы әрқашан пәнаралық тұрғыдан қарастыруды қажет етеді. Сондықтан «Шежіре-и теракиме» еңбегіндегі жалқы есімдерді талдау барысында тек қана лингвистикалық тәсілдер емес, сонымен қатар тарихи, этнографиялық және географиялық мәліметтер де кешенді түрде пайдаланылды. Зерттеу барысында бірнеше әдіс қолданылды.

Біріншіден, сипаттамалы әдіс (дескриптивті тәсіл) қолданылды. Бұл әдіс арқылы мәтіндегі топонимдер мен этнонимдер жинақталып, олардың жүйесі жасалды. Әрбір атау жеке-жеке қарастырылып, мәтіндегі қолданыс орны, формасы, семантикалық өрісі анықталды. Сипаттамалы талдау атауларды дереккөз ретінде жүйелеуге және кейінгі салыстыруларға негіз болды.

Екіншіден, салыстырмалы-тарихи әдіс кеңінен пайдаланылды. Түркітану ғылымында бұл әдіс ежелгі жазба ескерткіштерді қазіргі түркі тілдерімен, сондай-ақ моңғол, парсы, қытай деректерімен салыстыру арқылы тілдік құбылыстардың тарихи даму жолын ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, *Талас* атауы Орхон-Енисей жазбаларындағы *талуй/талай* формаларымен, *Жайық* атауы Птолемей деректеріндегі *Daix* нұсқасымен салыстырылды. Мұндай салыстырулар арқылы дыбыстық өзгерістердің заңдылықтары, мағыналық дамудың бағыттары анықталды.

Үшіншіден, фонетикалық әдіс қолданылды. Бұл тәсіл атаулардағы дыбыстық өзгерістерді анықтауға, олардың тарихи фонетикалық заңдылықтарға сәйкес келуін айқындауға мүмкіндік берді. Мысалы, *Жайық* гидрониміндегі *d > j > ž* дыбыстық өзгерісі түркі тілдерінің тарихи дамуындағы белгілі құбылыстардың бірі ретінде қарастырылды. Сондай-ақ, *Талас* атауындағы *m/d* дыбыстарының алмасуы, *Сайрам* топониміндегі *p/z* варианттары талданды.

Төртіншіден, морфологиялық әдіс арқылы топонимдер мен этнонимдердің құрамындағы жұрнақ-жалғаулардың қызметі, түбір мен қосымшаның арақатынасы қарастырылды. Мысалы, *Жайық* атауындағы *-ық* жұрнағы, *Татар* этнониміндегі көптік мәнді білдіретін *-ар* қосымшасы арнайы талданды. Бұл тәсіл атаулардың құрылымын нақтылауға мүмкіндік берді.

Бесіншіден, этимологиялық талдау әдісі қолданылды. Әрбір атаудың түбірлік негізін айқындау үшін түркі және моңғол тілдеріндегі сәйкес сөздерді салыстырып, этимологиялық талдау жасалды. Мысалы, Сайрам топонимі *сайр* түбірімен, қарлық этнонимі *қар* және *қарлығ* компоненттерімен байланыстырылды. Этимологиялық талдау барысында халықтық этимология мен ғылыми болжамдардың айырмашылықтары да көрсетілді.

Шежіре мәтінінде көптеген атаулар аңыздық сюжеттер арқылы түсіндірілген. Бұл деректер халықтық дүниетанымды бейнелегенімен, ғылыми тұрғыдан қайта тексеруді қажет етеді. Сондықтан әрбір аңыздық түсіндіру салыстырмалы-тарихи, фонетикалық және морфологиялық талдаулар арқылы сараланып, олардың шынайылық деңгейі айқындалды.

Талқылау мен бақылау. «Шежіре-и теракиме» еңбегінде қазақ даласында орналасқан ежелгі қала, өзен-көл, тау атаулары кездесіп отырады. Мәселен, шежіре мәтінінде Йайық (Жайық), Иангикент, Қазығұрт, Алмалық, Маңғышлақ, Сайрам, Сырдария, Талас, Түркістан, Улағ Тағ секілді топонимдер жиі ұшырасады. Тіпті автор тарапынан кейбір этнонимдердің шығу тегіне қатысты этимологиялық болжамдар беріледі.

Шежіре мәтінінде кездесетін топонимдердің бірі – *Talaş/Talas*. Мысалы: *Oguz han tamam Mogol ve Tatar ilinin leşkerini cemig qılıp Talaş ve Sayramga keldi* (*Оғыз Хан барлық Моғол және Татар халқының әскерін жинап, Талас пен Сайрамға келді*) [2, 138]. Талас – биіктігі 4488 метрді құрайтын Талас жотасынан басталып, Жамбыл облысына дейін созылып жатқан өзен атауы. Өзен ұзындығы 420 км құрайды. Талас жотасы мен тарихи Талас (Тараз) қаласының аттары осы өзен атауынан алынған, себебі өзенге Талас атауының берілуі түркі-моңғол заманының бастау алады [3, 102]. Талас сөзінің этимологиясына қатысты деректерді саралай келе, Талас сөзінің түбірі түркі-моңғол тілдерінде *далай/талай* (теңіз, өзен) сөзіне – з/с көптік жалғауының (сөз тудырушы зат есім жұрнағы болуы мүмкін) қосылуы арқылы жасалған. *Талуи* және *талай* сөзі көне түркі тілінде «теңіз», «өзен» мағынасында жұмсалған. Мысалы, *талуй* «теңіз» мағынасында Күлтегін, Тоныкөк жазба ескерткіштерінде кездеседі [4, 425]. *Талай* сөзінің «Оғызнама» (XIII) дастанындағы қолданылу мысалы: *мұнда Утіл мұрен деген бір талай бар ерді* (Мұнда Еділ мурен деген бір өзен бар еді) [5, 39]. В.В.Радлов алтай, телеуіт, шор, қатчы, сойот, лебендин, сағай секілді түркі тілдерінде *талай* сөзі «өзен сағасы», «көл», «теңіз» мағыналарын беретіндігін жазады [6, 878]. Моңғол тілінде *далай* сөзінің «үлкен, ірі», «мұхит» деген мағыналары сақталған [7, 73].

Тұжырымдап айтқанда, аталмыш сөз түркі-моңғол тілдеріндегі *талай/тала/далай/дала* түбірінен қалыптасып шыққан деуімізге негіз бар. Талас сөзінің соңына жалғанған *с* көне түркі-моңғол тілдерінде көптік жалғауды білдірсе керек [8, 57]. Яғни *тала/й/с* ерте кезден «өзендер», «көлдер», «сулар» мағынасын білдірген. Ал Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі *талуй* (*талай*) сөзінің ерте орта ғасырлық араб, парсы нұсқаларында Тараз болып айтылуы *л-р* дыбыстық алмасуының әсерінен болуы мүмкін. Мәселен, ғалым М.Рясенен аталған дыбыстық сәйкестіктерге қатысты мынадай мысалдар келтіреді: *інжіл~інжір~инжир, залал~зарар, ханшал~ханджар* (кинжал), *герел~қарар* (шешім) [9, 185].

Ғалым С.Аманжолов қазақ тілінің жергілікті тілдік ерекшеліктерінде кездесетін *р-л, л-р* дыбыстық алмасуларына қатысты біршама тұжырымдар жасайды. Ғалымның байқауынша, мұндай дыбыстық алмасулар көне түркі дәуірінен бастау алатын фонетикалық құбылыстардың жергілікті сөйленістерде әркелкі дамуының нәтижесі болып табылады. Мәселен, *жар* (көмек) сөзі кей өңірлерде *жал* түрінде, ал *шөрке* (орысша чурка – ағаштың кесіндісі) сөзі *шөлке* нұсқасында қолданылады. Бұл сәйкестіктердің батыс өңірі сөйленістерінде де ұшырасуы – тарихи фонетикалық заңдылықтың кең географиялық таралымын көрсетеді. Мысалы, кейбір өңірлерде *жора* сөзі *жола* түрінде айтылуы дыбыстық корреляцияның табиғи көрінісі болып саналады, өйткені *жола* тұлғасы семантикалық тұрғыда *жол* (бағыт, жол, дәстүр, әдет) түбірімен байланысты. С.Аманжоловтың пайымдауынша, оңтүстік сөйленістерде байқалатын *р* мен *л* дыбыстарының алмасуы тұрақсыз сипатқа ие. Мысалы, әдеби тілдегі *елең* сөзі Жуалы өңірінде *ерең* түрінде айтылуы

бұл дыбыстық варианттардың позициялық бейімделуін көрсетеді. Ғалым бұл құбылыстың бастауын түркі тілдерінің ерте даму сатысынан іздейді және оның көне дифференциациялық процестердің қалдығы екенін атап өтеді. Ғалымның пікірінше, Махмұд Қашқари де өз еңбегінде *p*-л дыбыс сәйкестігін түркілердің фонетикалық ерекшелігі ретінде көрсеткен. Көне Талас атауының *чигиль* тайпаларының тілінде *Тараз* немесе *Тіраз* түрінде айтылуы осы дыбыстық құбылыстың тарихи сабақтастығын дәлелдейді. Ғалым мұны дулат тайпалық бірлестігіне жататын мигиль руының тілдік жүйесіндегі ерекшелікпен байланыстырады [10, 245]. Сөз соңындағы *з/с* дыбыстық өзгерісін зерделеп қарасақ, оғыз тілдерінде *з* дыбысы тұрақты, ал қыпшақ тілдерінде *с* дыбысына өзгереді.

Ғалым Қ.Өмірәлиевтің пікірінше, Талас атауындағы *-ас* компоненті түркі және фин-угор тілдері арасындағы көне морфологиялық ұқсастықтың көрінісі болуы ықтимал. Ғалым бұл қосымшаны «ас» – «өзен» мағынасын білдіретін фин-угор лексемасымен байланыстыра отырып, аталмыш сәйкестіктің алтай дәуіріне тән ортақ тілдік қабаттан сақталып қалған элемент болуы мүмкін екенін алға тартады [11, 81]. Алайда ғалымның бұл пікірі әлі де болсын терең зерттеулерді қажет етеді. Қорыта айтқанда, Талас гидронимі түркі-моңғол тілдеріндегі *малай/далай* (өзен, су, теңіз) түбірлерінен тараған деп пайымдауға негіз бар. Демек, бұл атау – су атауларын білдіретін көне морфемалардың бірі, әрі тарихи тұрғыдан гидронимдік сөз тудыру үлгісін көрсетеді.

Әбілғазы шежіресінде кездесетін топонимдердің бірі – *Үауық/Жайық*. Мәтінде бұл атау келесідей контексте кездеседі: *Андін көшүр Атіл сұмт кешір Үауық сұмта келді* (Одан көшіп, Еділді кешіп, Жайыққа келді) [2, 211]. Жайық – қазіргі Батыс Қазақстан және Атырау облыстарының аумағын бойлай ағып, Каспий теңізіне құятын ірі өзен. Бұл гидроним көне дереккөздерде де кездеседі. Мәселен, грек ғалымы Птолемейдің (II ғ.) еңбектерінде өзен атауы *Даикс* түрінде жазылған. Бұл жөнінде В.В.Бартольд: «Птолемей Волганы финдік Ра атауымен, ал Уралды түркілік Даикс (Яик) атауымен берген» деп жазады [12, 10]. Кейінірек Н.К.Дмитриев бұл атау Менандр Протектордың (VI ғ.) еңбегінде *aix ~ daix* тұлғасында қолданылғанын, ал оның негізінде *йай < йаз < аз* етістік түбірі жатқанын атап өтеді [13, 328]. Фонетикалық тұрғыдан қарағанда, Жайық атауының қалыптасуында *d > j > ž* типіндегі тарихи дыбыстық алмасулар орын алған. Бұл заңдылық түркі тілдерінің дамуына тән консонанттық эволюция процесін айқын көрсетеді. Сондықтан Жайық гидронимі көне *йай / йаз* (жайылу, таралу) етістігіне *-ық* жұрнағының жалғануы арқылы жасалған деп қарастыруға болады. Бұл морфемалық құрылым түркі тілдеріндегі су атауларының семантикалық жүйесіне толық сәйкес келеді.

Жайық атауының түбірі түркі тілдеріндегі *жай, жаю, жайылу* етістіктерімен тікелей байланысты. Бұл етістік негізінен «кеңею», «тарау», «ашылу», «жайылу» мағыналарын білдіріп, кеңістіктік сипаттағы табиғи құбылыстарды атауда жиі қолданылады. Осы түбірге *-ық* жұрнағы жалғану арқылы «жайылған», «жайылмалы» деген сындық сипаттан номинативтік мәнге ауысқан *Жайық* гидронимі қалыптасқан.

Түркітанушы ғалым Э.В.Севортян өз еңбектерінде *-ақ/-ық, -қ/-к, -ұқ/-үк, -ик/-ік* жұрнақтарының көне және орта түркі дәуірінде (VII–XIV ғғ.) өте өнімді сөзжасамдық қызмет атқарғанын атап көрсетеді [13, 110]. Осы жұрнақтар арқылы көне түркі тілінде көптеген номинативтік бірліктер жасалған: *йантук* – «таудың еңіс бөлігі», *йарұқ* – «жарық, ойық», *тұрұқ* – «тұрақ, аялдама», *қонұқ* – «қоналқы орын», *йаңлұқ* – «қате, адасу» және т.б [4, 384]. Қазіргі қазақ тіліндегі *тарақ, ойық, орақ, төсек, қиық, салық, қорық* сияқты сөздер де дәл осы тарихи жұрнақтар арқылы қалыптасқан. Аталған сөздердің кейбірі әрі зат есімдік (*қорық, ойық*), әрі сын есімдік (*қиық, жайық* – «жайылған, кең») мағыналарда қолданылады, бұл олардың ежелгі полифункционалды сипатын дәлелдейді. Тарихи-семантикалық тұрғыдан алғанда, *Жайық* атауының бастапқы мағынасы сындық сипатта болып, «жайылған», «жайылыңқы», «кең таралған» деген ұғымды білдірген. Кейін бұл сипаттық мән кеңістік нысанына – өзен атауына ауысып, лексикалану процесі арқылы гидронимге айналған.

Шежіре мәтінінде кездесетін топонимдердің бірі – *Sayram/Сайрам*. Мысалы: *Algan vilayetlerde köp yıllar turup düşmenlerini yoa qılıp dostlarını silep başı Sayram ayagı Mısırğaça algan*

vilayetlerinin barçasına hakimler qoyup qayıtp öz yurtiga tüşdi (Алған уәлаяттарда (аймақ) көп жылдар тұрып, дұшпандарын жоқ қылып, достарын сыйлап, басы – Сайрам, аяғы – Мысырға дейін ұзаған уәлаяттардың (аймақ) барлығына басшы қойып, өз еліне кері қайтты) [2, 147]. Ортағасырлық тарихи деректерге сүйенсек, Сайрам қаласы Сайрам сув өзеннің бойында болған. Сайрам сөзінің семантикалық мағынасы суға қатысты болғандықтан, түбірі *сайыр* сөзінен шығуы мүмкін. *Сайыр-сайыз-саяз* сөздері бір түбірден тараған, құрамында *p~з* дыбыстық сәйкестігі орын алған. *P~з* дыбыстық сәйкестігіне, олардың тарихи дамуына қатысты түркітанушы (В.В.Радлов, М.Рясенен, Г.Рамстедт, Н.К.Дмитриев) ғалымдар тарапынан зерттеулер жүргізілген. Ғалымдар зерттеуінің нәтижесі *p* дыбысынан *з* дыбысының дамып шыққандығын көрсетеді [3, 101]. Осыдан-ақ Сайрам сөзінің түбірі *Сайыр* екендігін, *сайыз/саяз* тұлғасының кейін қалыптасқандығын көруімізге болады. Моңғол тілінде «өзен суының тартылуын» білдіруде *сайыртах* сөзі қолданылады [14, 257]. Моңғол тілінде *сайыртах сайр* түбірі мен *-тах* (қазақ тілінде *-лау* формасына сәйкес келеді) компоненті арқылы жасалған.

Ғалым К.К.Юдахин қырғыз тіліндегі *сайроон* сөзіне келесідей анықтама береді: «Сайроон – өзеннің таяз тұсы, судан өтуге қолайлы жер, қайраң» [15, 622]. Бұл анықтама топонимнің бастапқы мағынасының гидрографиялық сипатпен тікелей байланысын айқындайды. Түркі тілдерінде жиі байқалатын *m~n* дыбыстық сәйкестігіне назар аударатын отырып, қырғыз тіліндегі *сайроон* мен қазақ тіліндегі *Сайрам* атауларының түбірі бір екендігін көруге болады. Яғни екі форманың да бір лексикалық негізден тарағанын, айырмашылық тек дыбыстық құрылымда ғана екенін байқаймыз. Сондай-ақ *сайыз* сөзінің көне тұлғасы *сайр* түрінде болғанын аңғаруға болады [3, 148]. Демек Сайрам қаласының аты Сайрам сув өзеніне байланысты қойылған. Сайрам сөзінің түбірі – *сайр* (*саяз, сайыз* мағыналарын білдіреді). Бұл сөз өзен суының аздығынан, арық-арыққа бөлініп, тайыз болып ағатындығынан шықса керек.

Шежіре мәтінінде топонимдермен қатар көптеген түркі этнонимдері кездеседі. Солардың бірі – *Қарлық/Қарлұқ*. Аталмыш атаудың шығу тегі мен семантикасына байланысты түркітанушылымында бірнеше тұжырым бар. Бірінші көзқарас сәйкес, *Қарлық* атауы көне аңыздық сипаттағы этнолингвистикалық түсіндірумен байланыстырылады. И.Н.Березин мен А.Н.Кононовтың жазбаларында қалың қарлы аймақта Оғыз қағаннан бөлініп қалған бірқатар тайпалар «қар адамдары» аталып, кейіннен *Қарлықтар* деп аталғаны айтылады [16, 295]. М.Қашғари де өз еңбегінде қарлұқтарды «оғыздар секілді түркімендердің бір тармағы» деп сипаттайды [17, 533]. Бұл дерек этнонимнің этномәдени негізін айқындап, оның оғыздық дәстүрмен байланысын көрсетеді. Екінші көзқарас – герман және түркі тілдері арасындағы тарихи параллельдерді зерттеген Г.Дёрфердің пікіріне негізделеді. Ғалымның пайымдауынша, *қарлұқ* сөзі көне түркі тіліндегі *қар* – «қосу, біріктіру, араластыру» түбірінен шыққан. Осылайша, *қарлұқ* атауының бастапқы мағынасы «біріккендер» немесе «араласқан тайпалар» болған [16, 295]. Бұл тұжырым тарихи-этникалық тұрғыдан қисынды, өйткені қарлұқтар үш тайпадан – чисы, ташылы және моула – құралғаны белгілі, сондықтан оларды ортағасырлық деректерде «үш оғыз» деп атаған [17, 534]. *Қарлық* этнонимі этимологиясына қатысты үшінші көзқарас ғалым Б.Н.Бияровтың «Өр Алтайдың жер-су аттары» атты еңбегінде берілген: В.И.Иллич Свитычтың ностратикалық реконструкцияларына сүйене отырып, *қарр/кер/қр* түбірлерінің ертедегі тілдерде «тау», «тас», «шың» мағыналарын білдіргенін көрсетеді. Осыдан ол *қарлық* этнонимін «таулық» немесе «тау тұрғындары» мағынасында түсіндіреді [18, 14]. Сонымен қатар, ғалым Б.Н.Бияров Ибн-Калдунның мәліметін мысалға келтіре отырып, оның жазбаларында *Мұзтау* атауы *Мұзқар* түрінде тіркелген, қарлық атауы «таулық» деген мағынаны білдіреді деп көрсетеді. Ғалымның пайымдауынша, *Қарлық* атауы Тянь-Шань жотасының шығыс сілемдеріндегі Баркөл тағ және Қарлықтағ сияқты оронимдермен тығыз байланысты. Бұл жорамал географиялық-этникалық тұрғыдан негізді, өйткені *қарлұқ* тайпаларының тарихи қонысы дәл осы таулы аймақтар мен Моңғол Алтайының батыс бөлігіне дейін созылып жатқан [17, 186]. Жалпы тарихи-лингвистикалық талдаулар

нәтижесінде, Қарлық/Қарлұқ этнонимін «таулықтар», «Қарлықтағ тауының адамдары» немесе «таудан шыққандар» деген семантикалық өріспен байланыстыру қисынды.

«Шежіре-и теракиме» еңбегінде қарлық этнониміне қатысты мынадай дерек берілген: *Qış irdi, künler yaman savuq irdi. Gurniñ taglarına qar köp tüşüp irdi. Leşker xalqı yörmekke qıñaldılar. Xan hükm qıldı-kim hiç kim mendin qalmasun tip barıp Gurnı aldı irse yel kelip yaz boldı. Leşkerniñ sanın aldı, bir niçe kişi kem keldi, anlarını sordı, hiç kim bilmediler. Bir niçe kündin soñ ol kişiler xan xizmetiga keldiler. Xan anlarını axvalın sordı irse aytdılar kim, bir niçe kişi leşkerniñ soñındın kele turur irdük. Tag içinde bir kiçe ulug qar yagdı. Andın soñ yörüy bilmey uşol yerde yattuq. Atlarımız ve tivelerimiz barçası öldi. Bahar bolgandın soñ piyade kele turur miz tidiler. Xan hükm qıldı, ol cemagatke Qarlıq disünler tip. Barça Qarlıq ili anlarını nesilindin turur* (Қыс еді, күн қатты суық еді. Гурдың тауларына қар көп түсті. Әскерлер жүруге қиналды. Хан «ешкім менен қалмасын» деп әмір қылды. Барып Гурды алғанда жел есіп, көктем болды. Хан әскерінің санын алғанда бірнеше адам аз келді. Оларды сұрап еді, ешкім білмеді. Бірнеше күннен соң ол адамдар ханға көмекке келді. Хан олардың хал-ахуалын сұрағанда олар айтты: «Бірнеше адам әскердің артынан келе жатыр едік. Тау ішінде бір түнде көп қар жауды. Содан соң жүре алмай сол жерде жаттық. Аттарымыз бен түйелеріміздің барлығы өлді. Көктем кіргеннен бері жаяу келе жатырмыз». Хан ол жамағатқа «Қарлық болсын» деп әмір қылды. Бүкіл Қарлық елі солардың ұрпағынан болды) [2, 138].

Сонымен қатар шежіре мәтінінде кездесетін этнонимдердің бірі – *Татар*. Мысалы: *Tatar xalqı ol vaqtda Cürçetga yaqın oltururlar irdi* (Татар халқы ол уақытта Шүршітке жақын отыратын еді) [2, 131]. Ғалым Б.А.Баскаков татар этнонимін көне түркілік *там* (жат, бөтен) сөзімен байланыстырады. Ал татар сөзіндегі *+ар* компонентін көптік мәнді қосымша деп қарастырады [16, 298]. М.Қашғаридің сөздігінде *там* сөзіне мынадай түсіндірмелер берілген: «бүкіл түріктер арасында парсыша сөйлесетін адам», «мұсылмандыққа кірмеген ұйғырлар» [17, 409]. Сондай-ақ аталмыш сөздікте «Татар – түрік халықтарының бірі» деп көрсетілген [17, 471].

Ғалым Б.Н.Бияров *татар* этнониміне қатысты мынадай болжам ұсынады: *татар* қытай тіліндегі *дади/дада* «көп жау» деген сөзден шығуы мүмкін. Татарлар Қытайдың солтүстігін мекендеген көшпелі тайпалардың ең жақыны, саны, байлығы жағынан күштісі болған. Түркілер қытайдың *дади/даду/дада* сөзіне - *p* көне көптік жалғауын қосуы мүмкін: *татар/дадар*. Яғни *татар* сөзі нақты бір тайпаның атауы болған, кейіннен түркі, моңғол халықтарына «көп жау», «мықты жау» мағыналарымен танылған [16, 298].

Тарихи шежіре мәтінінде кездесетін этнонимдердің тағы бірі – *Қытай*. Мысалы: *Barça illerdin Türkmenga yaqınraq olturgan Xıtaу men Qanqlı ve Naуman irdiler* (Барша елдерден Түркіменге жақын отқандары Қытай мен Қаңлы және Найман еді) (Т 85b-17).

Қытай – X-XI ғғ. Солтүстік Қытайда Ляо мемлекетін құрған қидан тайпасының атауынан шыққан этноним. Қытай атауының Европа, Ресей аймағына кең таралуына ықпал еткен факторлардың бірі – саудагерлер мен көпестердің Қытан (Қидан) мемлекетімен сауда қарым-қатынасын жүргізуі еді. Олар қидандарды *катай/қытай/китай/хытай* деп атаған. Қытайлықтар өздерін *чжунго*, *жұңго* деп атайды. Қытай тілінде *чжун* «орталық», *+го* «мемлекет» мағынасын білдіреді. Парсы тілдес елдер Қытайды *Шың/Чин*, көне түріктер *табгач* деп атаған [16, 296].

Әбілғазы шежіресінде ұйғыр этнониміне қатысты мынадай деректер кездеседі: *İlniñ köpi Qara Xanga bardı. Azraqı Oguz Xan qatıga bardılar. Qara Xanniñ inileriniñ köp oğlanları bar irdi. Anlarını Qara Xandin ayrılır tip, hiç kimniñ koñline kelmес irdi. Anlarını barçaları Oguz Xan qatıga keldiler. Oguz Xan anlarga Uyғur at qoydılar. Uyғur Türk tili turur. Magnasi barçaga maglum turur yapışғur magnasına turur. Ayturlar süt uydı, süt irgeninde biri birindin ayrılır irdi. Qatıq bolgandın soñ bir birige yapıша turur ve taqı ayturlar kim imamga uyғum. İmam oltursa oltura turur, tursa tura turur. Pes yapışғanı bolmas mu. Anlar kelip Oguz Xanniñ itekine ikki qolları birlen muhkem yapışdıлар irse хan anlarga Uyғur tidi. Yapışғur timek bolur* (Елдің көбі Қара ханға қосылды. Азырағы Оғыз ханның қасына барды. Қара ханның інілерінің бірнеше ұлы бар еді. Оларды Қара ханнан бөлінер

деп ешкім ойламады. Олардың баршасы Оғыз ханның қасына келді. Оғыз хан оларға *Ұйғыр* атын берді. *Ұйғыр* – түрік сөзі. «Жабысатын, ұйыттын» деген мағыналары баршаға мәлім. Сүт ұйыды, сүт ірігенде бір бірінен бөлінеді, қатық болғаннан соң бір біріне жабысып бірігеді деп айтатын. Және *имамға ұйыдым* деп айтады. Имам отырса, отырады, тұрса, тұрады. Сондықтан мұның мағынасы «жабысқан, ұйыған» болмай ма? Олар келіп Оғыз ханның етегіне екі қолдарымен қатты жабысқанда хан оларға *Ұйғыр* деді. «Жабысқыр, жабысқан» демек болар) [2, 129].

«Ұйғыр» атауының мәні туралы алғашқы түсініктер халық жадында мифологиялық және аңыздық сипатта қалыптасқан. Бұл түсіндірмелер этнонимнің шынайы мағынасы ұмытылғаннан кейін пайда болып, рулық-тайпалық шежірелердің негізгі бөлігіне айналған. Осыған байланысты «ұйғыр» атауының ертедегі түсіндірмелері көбіне халықтық этимология шеңберінде қарастырылады.

Махмұд Қашқари сөздігінде: «Ұйғыр – бес шахарлы бір елдің аты, Зұлқарнайын түрік хақанымен бітім жасасқаннан соң құрылған» деп келеді [17, 142]. Аталған этнонимнің Александр Македонский есімімен байланыстырылуы – халықтық этимологияның жазбаша түрде алғаш рет тіркелуі болып табылады. Бұл түсіндірме ғылыми емес, мифологиялық сипатқа ие және этнонимнің нақты тілдік негізін ашпайды.

В.В.Радлов өз зерттеулерінде «ұйғыр» сөзін *уюнды* түбірімен байланыстырады және оның мағынасын «біріккен», «ынтымақтасқан» деген ұғыммен түсіндіреді [19, 130]. Л.Будаговтың салыстырмалы сөздігінде: *روغيا* *уйгур* сөзі түркі тілдері контекстінде «жұмылу», «топтасу» ұғымдарын білдірген [20, 162].

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, «ұйғыр» атауының түбірі түркі тілдеріндегі *уй-* (бірігу, бейімделу, сәйкестену) және *гүр/гур* (топ, қауым) элементтерімен байланысты деген пікір басымырақ. Осылайша, *ұйғыр* – «біріккендер», «одақтасқандар», «топтасқандар» мағынасында қолданылған этноним болуы ықтимал. Бұл көзқарас тілдік талдауға және тарихи контексте көбірек сәйкес келеді. «Ұйғыр» атауының халықтық және ғылыми түсіндірмелері этностың өзіндік тарихи жадын бейнелейді. Халықтық этимология этнонимнің мифологиялық түсіндірмесін сақтаса, ғылыми этимология тарихи-тілдік деректер негізінде этникалық топтың саяси және әлеуметтік құрылымын айқындайды.

Нәтижелер. Түркі тілдес халықтар мен олардың тілдерінде жазба мәдениет пен әдеби дәстүрдің қалыптасуы өте ертеден бастау алады [21, 10]. Түркі жазба ескерткіштерін кешенді түрде зерделеу – алтайтану мен түркітану ғылымдарының өзекті бағыттарының бірі және түркі халықтарының тарихи-мәдени бірегейлігін тануда ерекше маңызға ие. Мұндай жазба ескерткіштер түркі тілдерінің даму тарихы мен қалыптасу жолын айқындауда, сондай-ақ көне түркілік элементті бойына сақтаған қазақ тілі үшін де құнды мәліметтер береді [22, 7].

Әбілғазы шежіресінде кездесетін топонимдердің этимологиясы жайлы мынадай талдау нәтижелері сараланды: *Талас* атауының түбірі түркі-моңғол тілдеріндегі *талай/далай* (теңіз, өзен) сөзімен байланыстырылды. Оның соңындағы *-с* көне көптік жалғау ретінде қарастырылды. Дыбыстық алмасулар (*л~р*, *з~с*) негізінде Талас пен Тараз атауларының тарихи сабақтастығы дәлелденді.

Жайық гидронимі көне деректерде *Daix* формасында кездесетіні анықталды. Этимологиялық тұрғыда «жайылу», «жайылған» мағынасын білдіретін *жай* түбірінен шыққаны көрсетілді. Мұндағы *-ық* жұрнағы көне түркі тілдерінде өнімді болған сөз тудырушы қосымша екендігі анықталды. *Сайрам* топонимінің түбірі *сайр* сөзімен байланыстырылды. Бұл сөздің семантикасы «саяз», «тайыз», «өзеннің тартылуы» мағынасын білдіреді. Қырғыз тіліндегі *сайроон* формасымен салыстыру негізінде дыбыстық сәйкестіктердің (*р~з*, *м~н*) тарихи сипаты ашылды. Мәтінде *қарлұқ*, *татар*, *қытай*, *ұйғыр* этнонимдері жиі ұшырасады. Олардың әрқайсысының этимологиясына қатысты түрлі деректер мен аңыздық түсіндірулер берілген: *Қарлық/қарлұқ* этнонимі халықтық аңыз бойынша қалың қарға байланысты түсіндірілген. Ғылыми тұрғыда оның *қар* (тау, шың) түбірімен байланысы және «таулықтар» деген мағынаны білдіру ықтималдығы

айқындалды. Сонымен қатар «үш оғыз» аталған үш тайпаның бірігуі де бұл этнонимнің тарихи мазмұнын ашатын фактор ретінде қаралды.

Татар атауының шығуы жөнінде екі бағыт айқындалды: 1) түркі тілдеріндегі *тат* (жат, бөтен) сөзімен байланысты; 2) қытай деректеріндегі *дади/дада* (көп жау) сөзінен тарауы мүмкін деген болжам. Бұл атау бастапқыда нақты бір тайпаның этнонимі болып, кейін түркі-моңғол халықтарына қатысты жалпылық мәнге ие болғаны анықталды. *Қытай* этнонимі *қидан* (қытан) атауымен байланыстырылады. Ляо мемлекеті дәуірінде Батыс елдеріне кеңінен тараған бұл атау кейін *катай/китай/қытай* формаларына өзгерген. Ұйғыр этнонимі «үйу, жабысу» мағынасындағы түркі сөзінен туындағаны және халықтық аңызда Оғыз хан тарапынан берілген атау екендігі көрсетілді. Бұл деректердің барлығы этнонимдердің халықтық дүниетаным мен тарихи шындықтың тоғысында қалыптасқанын дәлелдейді.

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, сипаттамалы, фонетикалық, морфологиялық және этимологиялық әдістердің бірлікте қолданылуы топонимдер мен этнонимдердің шығу тегін кешенді түрде айқындауға мүмкіндік берді. Әсіресе, халықтық этимология мен ғылыми талдаулардың салыстырмалы түрде қарастырылуы олардың айырмашылықтарын ашуға және шынайы тарихи-лингвистикалық негізін табуға жол ашты. Зерттеу нәтижелері қазақ ономастикасын дамытуға, түркі халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерделеуге үлес қосады. Сонымен бірге топонимдер мен этнонимдердің шығу тегін анықтау ұлттық дүниетаным мен тарихи жадтың сақталуында маңызды орын алатыны дәлелденді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері «Шежіре-и теракима» еңбегіндегі топонимдер мен этнонимдердің тек тілдік бірліктер ғана емес, түркі халықтарының тарихи, мәдени және этнографиялық болмысын айқындайтын құнды дерек көзі екенін дәлелдеді. Жалқы есімдер – белгілі бір дәуірдің әлеуметтік-мәдени жағдайын бейнелейтін, халықтың дүниетанымы мен этникалық жадын сақтайтын ерекше лингвомәдени феномен ретінде көрініс тапты. Топонимдерге жасалған талдау олардың географиялық орта мен этникалық тарихпен тығыз байланысты екенін көрсетті. Талас, Жайық, Сайрам сияқты атаулар тек жер-су нысандарын білдіріп қана қоймай, түркі халықтарының көне қоныстану аумағын, тарихи миграция жолдарын, табиғатпен өзара қатынасын танытады. Бұл атаулардың фонетикалық, морфологиялық, этимологиялық тұрғыдан зерттелуі олардың тарихи қалыптасу кезеңдерін, мағыналық дамуын, тілдік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді.

Этнонимдерге жасалған талдау да айрықша маңызға ие. Қарлұқ, Татар, Қытай, Ұйғыр сияқты этнонимдер халықтың шығу тегін, тарихи бірлестіктерін, этникалық жіктелуін көрсететін негізгі тілдік белгілер ретінде танылды. Бұл атаулардың халықтық аңыздармен ұштасып келуі олардың этникалық жадтағы орнын айқындайды. Халықтық түсіндірмелер кейде аңыздық сипатта болғанымен, ғылыми этимологиялық талдаулар олардың тарихи-тілдік негізін анықтауға септігін тигізді.

Жалпы алғанда, Әбілғазы шежіресінде кездесетін топонимдер мен этнонимдер – түркі халықтарының тарихи санасы мен мәдени жадының айнасы. Олар арқылы халықтың географиялық ортасы, шаруашылық-мәдени өмірі, этникалық тарихы мен рухани дүниесі танылады. Бұл зерттеу қазақ ономастикасының теориялық-әдіснамалық негіздерін толықтыра отырып, түркітану ғылымына жаңа деректер мен тың пайымдаулар қосады. Шежіре мәтініндегі жалқы есімдердің тілдік, тарихи және мәдени табиғатын тану – тек өткенді зерделеу ғана емес, сонымен қатар бүгінгі ұлттық бірегейлікті нығайтуға да қызмет ететін маңызды ғылыми бағыт болып табылады.

Әдебиеттер

1. Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинение Абул-л-Гази-хана Хивинского. – М.: Ленинград, 1958. – 200 с.
2. Ölmez Z. K. Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terakime (Türkmenlerin Soykütüğü). – Ankara: Şafak Matbaacılık, 1996. – 559 s.
3. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Павлодар: Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 240 б.
4. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. тексты и исследования. – М.: Л., 1951. – 452 с.
5. Щербак А.М. Огуз-наме. Мухаббат-наме: памятники древнеуйгурской и староуйгурской письменности. – М.: 1959. – 169 с.
6. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – Т. 3, ч. 1. – СПб.: Академии наук, 1905. – 1260 с.
7. Хабшай С., Мініс Ә. Монғолша-қазақша сөздік. – Уланбатор: Монғол мемлекет баспасы, 1954. – 396 б.
8. Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. – М.: Иностран. лит. 1957. – 255 с.
9. Ряснен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. – М.: Иностран. лит., 1955. – 222 с.
10. Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алма-ата: Казучпедгиз, 1959. – 452 с.
11. Өмірәлиев Қ. Түркі тілдеріндегі р, л дыбыстарының алмасуы // Исследования по тюркологии: сб. ст. – Алма-ата: Наука, 1969. – С. 138-140.
12. Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. – Л.: АН СССР, 1927. – 268 с.
13. Дмитриев Н.К. Фонетические закономерности начала и конца тюркского слова. – М.: Академии наук СССР, 1955. – 327 с.
14. Балтабай Д.Ә., Зеки Каймаз. «Шежіре-и теракима» тарихи еңбегіндегі топонимдердің этнографиялық сипаты // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – №2(143). – 2023. – Б. 253-262. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-143-2-253-262>
15. Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1965. – 475 с.
16. Бияров Б.Н., Картаева А.М. Ұлы Жібек жолында кездесетін кейбір этнонимдердің этимологиясы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – №1(142). – 2023. – Б. 293-302. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-142-1-293-302>
17. Қашғари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат ит-түрк): 3 т / ауд. қаз. А.Егеубай. – Алматы: Хант, 1997. – Т. 2. – 343 б.
18. Бияров Б.Н. Өр Алтайдың жер-су аттары. – Алматы: Жания-Полиграф, 2019. – 180 б.
19. Радлов В.В. К вопросу об Уйгурах. – Санкт-Петербург: Импер.Академии наук, 1893. – 130 с.
20. Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Том I. – Санкт-Петербург: Импер.Академии Наук, 1869. – 847 с.
21. Alimbayev, A.E., Daurenbekova, L.N., Kemenger, K.R., Imanberdiyeva, S.K., Bashirov, N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled, 2020. – №12 (4). – P. 1-11. DOI: <https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n4.29>
22. Abylova G.E., Aripzhan G.Zh. The concept of time in the ancient Turkic written monuments // Еуразия гуманитарлық институты Хабаршысы. – №3. – 2023. – Б. 7-19. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.01>

Д.А. БАЛТАБАЙ

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

ЭТИМОЛОГИЯ НЕКОТОРЫХ ТОПОНИМОВ И ЭТНОНИМОВ, ВСТРЕЧАЮЩИХСЯ В ТРУДЕ «ШЕЖИРЕ-И ТЕРАКИМЕ»

Аннотация. Лингвистический анализ тюркского письменного наследия, исторических рукописей и эпосов имеет особое значение для определения исторического развития языка и его формирования. Объектом исследования статьи стало произведение Абилягазы Бахадур-хана «Шежіре-и теракима», написанное в XVII веке. Это произведение является средневековым письменным памятником, содержащим ценные сведения об истории, культуре, этнографии и географических названиях тюркских народов. Данное произведение представляет собой вариант эпоса «Огузнаме», написанный арабским алфавитом. Лексический состав текста исторического произведения включает (наряду с древнетюркскими словами) арабские, персидские и монгольские слова. Статья отличается определением этимологии некоторых топонимов и этнонимов, встречающихся в исторических трудах, изучением их лексико-семантических особенностей. В ходе исследования были определены структурные и историко-культурные особенности ономастических имён, показана их связь с национальным мировоззрением, духовными и культурными традициями. В работе использованы описательный, сравнительно-исторический, фонетический, морфологический методы, а также комплексный анализ лингвистических данных. В статье исследуются происхождение и семантические особенности таких топонимов, как Яик (Жайык), Талас и Сайрам, раскрывается их связь с корнями в тюрко-монгольских языках. Сопоставляются и обосновываются различные научные гипотезы относительно этимологии этнонимов карлык, татар, китайцев и уйгуров. Анализируется влияние легенд, содержащихся в труде Абилягазы, на народную этимологию. В результате исследования выяснено значение топонимов и этнонимов в тексте «Шежіре-и теракима» для познания истории и культуры тюркских народов, а также проанализирована их этимологическая природа в связи с данными тюркского языкознания.

Ключевые слова: ономастика, топоним, этноним, этимология, тюркские языки, «Шежіре-и теракима».

D.A. BALTABAY

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

ETYMOLOGY OF SOME TOPONYMS AND ETHNONYMS FOUND IN THE WORK “SHEZHIRE-I TERAKIME”

Annotation. Linguistic analysis of the Turkic written heritage, historical manuscripts, and epics is of particular importance for determining the historical development of the language and its formation. The object of this study is the work of Abilgazy Bahadur Khan “Shezhire-i terakime”, written in the 17th century. This work is a medieval written monument containing valuable information about the history, culture, ethnography, and geographical names of the Turkic peoples. This work is a version of the epic “Oguznama”, written in the Arabic alphabet. The lexical composition of the text of the historical work includes, along with ancient Turkic words, Arabic, Persian, and Mongolian words. The article is distinguished by the determination of the etymology of some toponyms and ethnonyms found in historical works, a study of their lexical and semantic features. The study identified the structural and historical-cultural features of onomastic names, demonstrating their connection with the national worldview, spiritual and cultural traditions. This paper utilizes descriptive, comparative-historical, phonetic, and morphological methods, as well as a comprehensive analysis of linguistic data. The article examines the origins and semantic features of toponyms such as Yaik (Zhayyk), Talas, and Sairam, revealing their connections to their roots in the Turkic-Mongolian languages. Furthermore, various scientific hypotheses regarding the etymology of the ethnonyms Karlyk, Tatar,

Kitay, and Uyghur are compared and substantiated with historical data. The influence of the legendary information contained in Abilgazy's work on folk etymology is also analyzed. The study elucidates the significance of toponyms and ethnonyms in the text "Shezhire-i terakime" for understanding the history and culture of the Turkic peoples, and analyzes their etymological nature in relation to data from Turkic linguistics.

Key words: onomastics, toponym, ethnonym, etymology, Turkic languages, "Shezhire-i terakime".

References

1. Kononov A.N. Rodoslovnaia turkmen. Sochinenie Abul-l-Gazi-hana Hivinskogo. – M.: Leningrad, 1958. – 200 s.
2. Ölmez Z. K. Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terakime (Türkmenlerin Soykütüğü). – Ankara: Şafak Matbaacılık, 1996. – 559 s.
3. Äbdırahmanov A. Toponimika jäne etimologia. – Pavlodar: Toraiğyrov atyndağy Pavlodar memlekettik universiteti, 2010. – 240 b.
4. Malov S.E. Pamätniki drevnetürkskoi pismenosti. teksty i issledovania. – M.: L., 1951. – 452 s.
5. Şerbak A.M. Oguz-name. Muhabbat-name: pamätniki drevneuigurskoi i starouigurskoi pismenosti. – M.: 1959. – 169 s.
6. Radlov V.V. Opyt slovarä türkskih narechi. – T. 3, ch. 1. – SPb.: Akademii nauk, 1905. – 1260 s.
7. Habşai S., Minis Ä. Mongolşa-qazaqşa sözdik. – Ulanbator: Mongol memleket baspasy, 1954. – 396 b.
8. Ramstedt G.İ. Vvedenie v altaiskoe iazykoznanie. – M.: İnostr. lit. 1957. – 255 s.
9. Räsänen M. Materialy po istoricheskoi fonetike türkskih iazykov. – M.: İnostr. lit., 1955. – 222 s.
10. Amanjolov C.A. Voprosy dialektologii i istorii kazahskogo iazyka. – Alma-ata: Kazuchpedgiz, 1959. – 452 s.
11. Ömiräliev Q. Türkı tilderindeğı r, l dybystarynyñ almasuy // İssledovania po türkologii: sb. st. – Alma-ata: Nauka, 1969. – S. 138-140.
12. Bartöld V.V. İstoria kültürnoi jizni Turkestana. – L.: AN SSSR, 1927. – 268 s.
13. Dmitriev N.K. Foneticheskie zakonomernosti nachala i konsa türkskogo slova. – M.: Akademii nauk SSSR, 1955. – 327 s.
14. Baltabai D.Ä., Zeki Kaimaz. «Şejire-i terakime» tarihi eñbegindeğı toponimderdiñ etnografialyq sipaty // L.N. Gumilev atyndağy Eurazia ülttyq universitetiniñ Habarşysy. – №2(143). – 2023. – B. 253-262. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-143-2-253-262>
15. İudahin K.K. Kirgizsko-ruski slovär. – M.: Sovetskaia ensiklopedia, 1965. – 475 c.
16. Biarov B.N., Kartaeva A.M. Üly Jibek jolynda kezdesetin keibir etnonimderdiñ etimologiasy // L.N. Gumilev atyndağy Eurazia ülttyq universitetiniñ Habarşysy. – №1(142). – 2023. – B. 293-302. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-142-1-293-302>
17. Qaşğari M. Türk tılıniñ sözdıgı (Diuanı lüğat it-türk): 3 t / aud. qaz. A.Egeubai. – Almaty: Hant, 1997. – T. 2. – 343 b.
18. Biarov B.N. Ör Altaidyñ jer-su attary. – Almaty: Jania-Poligraf, 2019. – 180 b.
19. Radlov V.V. K voprosu ob Uigurah. – Sankt-Peterburg: İmper.Akademii nauk, 1893. – 130 s.
20. Budagov L.Z. Sravnitelnyi slovär turesko-tatarskih narechi. Tom I. – Sankt-Peterburg: İmper. Akademii Nauk, 1869. – 847 s.
21. Alimbayev, A.E., Daurenbekova, L.N., Kemenger, K.R., Imanberdiyeva, S.K., Bashirov, N.K. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled, 2020. – №12 (4). – P. 1-11. DOI: <https://dx.doi.org/10.21659/rupkatha.v12n4.29>
- Abylova G.E., Aripzhan G.Zh. The concept of time in the ancient Turkic written monuments // Eurazia gumanitarlyq instituty Habarşysy. – №3. – 2023. – B. 7-19. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.01>

Автор туралы мәлімет:

Балтабай Досжан Әмірұлы – философия докторы (PhD), Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Балтабай Досжан Амирулы – доктор философии (PhD), Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Baltabay Doszhan Amiruly – Doctor of Philosophy (PhD), L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.